



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№08 (190), ҚЫРКҮЙЕК, 2025



КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН КЕЗЕКТІ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ішкі коммуникациялар ережесіне сәйкес Қоғам басқармасы жылына екі рет, І-ші жартыжылдықтың және жыл қорытындылары бойынша, еңбек ұжымымен есептік кездесулер өткізеді.

Осыған байланысты Басқарма мүшелері - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Вэнь Цзяцзюнь мен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов қыркүйек айының 9-ы күні Жетібай кенорнында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының, 10-шы қыркүйекте Қаламқас кенорнында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының, ал 11-ші қыркүйекте Ақтау қаласында Қоғам орталық аппаратының қызметкерлерімен 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша есептік кездесулерін өткізді.

Бұл жиындарда бас директордың орынбасарлары мен департамент басшылары өздері жетекшілік ететін жұмыс бағыттары бойынша баяндамалар жасады. Атап айтсақ, есептік кездесулерде қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, өндіріс жағдайы, қаржылық жағдай, Қоғамдағы кадр саясаты және әлеуметтік саясат мәселелеріне қатысты егжей-тегжейлі ақпараттар берілді.

Баяндамалар аяқталған соң қызметкерлер Қоғам басшыларына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, ұсыныстарымен бөлісуге мүмкіндік алды. Есептік кездесулерде қойылған сұрақтардың дені кадр саясатына, әкімшілік және әлеуметтік мәселелерге қатысты болды. Қойылған сұрақтарға толықтай жауап берілді, ал жауап беруді уақыт талап ететін сұрақтар хаттамаға енгізіліп, Қоғам басқармасының тікелей бақылауына алынды.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ФОРМИРОВАНИЕ КОМПАЕНС КУЛЬТУРЫ СРЕДИ РАБОТНИКОВ АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»



По результатам проводимых Службой комплаенс АО «Мангистаумунайгаз» проверок (анализа), Правлением Общества было принято решение о реализации мероприятий по повышению комплаенс культуры среди руководящего административно-управленческого и инженерно-технического состава Компании.

В этой связи запланировано поэтапное обучение для членов Правления Общества, заместителей Генерального директора и руководителей структурных и производственных подразделений Общества по темам: «Выявление коррупционных рисков. Обеспечение этической состоятельности кандидатов и сотрудников организации в рамках требований законодательства Республики Казахстан. Комплаенс-контроль при приеме на работу».

В рамках первого этапа, в качестве демонстрации работникам АО «Мангистаумунайгаз» «Тон сверху» в вопросах превенции коррупционных правонарушений, в период с 28 по 29

августа 2025 года при непосредственном участии руководства Департамента по делам госслужбы прошли обучение 25 человек в числе, которых члены Правления Общества и заместители Генерального директора.

Работа в данном направлении будет продолжена и в ближайшее время ожидается обучение еще 75 нефтяников, включая работников производственных управлений.

Обучение проводится в Филиале РГКП «Академии государственного управления при президенте Республики Казахстан по Мангистаумской области.

**Служба комплаенс
АО «Мангистаумунайгаз»**

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ – НА СЛУЖБУ ПРОИЗВОДСТВУ

В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» продолжают работы по внедрению цифровых технологий и автоматизации производственных процессов.

В частности в производственном управлении «Жетыбаймунайгаз» активно ведется строительство важнейшего цифрового проекта - Центра управления месторождением (ЦУМ). ЦУМ представляет собой платформу для мониторинга и управления технологическими и производственными процессами на месторождении, его основная задача – обеспечение эффективного освоения и эксплуатации нефтепромысла на всех этапах, в том числе формирование единой интегрированной системы сбора, обработки и хранения информации, повышение эффективности технологического управления, автоматизация учета, контроль фактических затрат и многое другое.

Базой для размещения ЦУМ на месторождении Жетыбай является здание Центральной инженерно-технологической службы. В настоящее время на объекте ведутся строительно-монтажные работы: завершён монтаж линий водоснабжения, вентиляции, электроосвещения, интернет-связи, пожарной сигнализации и др., проводятся работы по чистовой отделке помещения, установке подвесных потолков и напольного покрытия.

Сдача объекта в эксплуатацию планируется до конца текущего года.

11 августа строящийся объект посетила рабочая группа АО «НК «КазМунайГаз» во главе с руководителем Департамента цифрового развития Жанат Жажметовой. В состав группы вошли руководители управлений департаментов по направлению цифровизация, развитие IT инфраструктуры и автоматизации произ-

водства, а также представители «КМГ Инжиниринг» и ТОО «КМГ Кумколь». Делегация АО «НК «КазМунайГаз» прибыла в Мангистаумскую область с целью ознакомления с текущей деятельностью в области автоматизации, цифровизации производственных процессов, оценки уровня внедрения цифровых решений и инновационных технологий в нефтегазодобывающих компаниях региона и подрядных организациях.

Ознакомившись с ходом строительства ЦУМ, Жанат Жажметова призвала продолжать работу в этом направлении, подчеркнув, что внедрение цифровых технологий, является важнейшим шагом для оптимизации производственных процессов и открывает большие перспективы для дальнейшего устойчивого развития.

Напомним, в начале текущего года аналогичный Центр управления месторождением был введен в эксплуатацию в производственном управлении «Каламкасмунайгаз». Делегация АО «НК «КазМунайГаз» посетила также и этот объект на месторождении Каламкас, отметив, что именно цифровые решения становятся приоритетными направлениями в повышении эффективности деятельности компаний.

В настоящее время ЦУМ ПУ «Каламкасмунайгаз» успешно функционирует и интегрирован со всеми ключевыми производственными объектами месторождения – цехами добычи нефти и газа, установкой предварительного сброса воды, цехом по подготовке и перекачке нефти, газотурбинной электростанцией и др.

ЖЕТІБАЙ МҰНАЙШЫЛАРЫ КӨП БАЛАЛЫ ЖАНҰЯҒА ҮЙ СЫЙЛАДЫ

«Жетібаймунайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшылары мен кәсіподақ мүшелері кәсіби мереке қарсаңында қайырымдылық көрсетіп, көп балалы отбасына үй сыйлады.

Бес баланы тәрбиелеп отырған Мұсахановтардың ең кіші перзенті бір жаста, екі баласының ерекшелігі бар, отағасының да сырқаты бар болғасын, балалардың анасы Ұлжанның мойнына көп салмақ түсіп отыр. Бұл отбасы ұзақ уақыт бойы Жетібай станциясындағы жалдамалы бір бөлмелі пәтерде тұрып келген.

Мұсахановтар отбасындағы қиын жағдай туралы естіген бойда «Жетібаймунайгаз» ӨБ еңбек ұжымы жергілікті кәсіподақ комитетімен бірлесіп, қысқа уақыт ішінде көп балалы жанұяға үлкен де жайлы үй сатып алуға жеткілікті сома жинады.

4-ші қыркүйекте «Жетібаймунайгаз» ӨБ мұнайшылары атынан Қарақия ауданының әкімі Сымбат Төретаев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің басшыларымен бірге Мұсахановтар отбасына Жетібай ауылында орналасқан үлкен де кең үйдің кілті мен сыйлық сертификатын салтанатты түрде табыс етті. Көп балалы отбасына арналған төрт бөлмелі жиһаздаулы үй қажеттінің барлығымен жабдықталған – су құбыры жүйесі, жуынатын бөлме, ас үй, сарай, гараж, жеміс ағаштары егілген бақша, т.б. бәрі бар.

Мұсахановтар отбасының жаңа үйіне жиналған ауыл ақсақалдары үй иелерін құтты қонысымен құттықтап, олардың бақыт пен шаттыққа толы өмір сүруін, балаларына берекелі жарқын болашақ тілеп, осындай мекенжай сыйлағаны үшін «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ қызметкерлеріне ақ баталарын беріп жатты.

Өз кезегінде Мұсахановтар «Жетібаймунайгаз» өндірістік басқармасының еңбек ұжымына қайырымдылықтары үшін алғыстарын айтып, баспаналы болу армандарының орындалғанына, бұдан былай балаларының жылы, әрі жайлы үйде өсіп есейетініне қуаныштарын жасыра алмады.





ҚАУІП-ҚАТЕРДІ ЖАТТЫҚҚАН ЖЕҢЕДІ

27 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Материалдық-техникалық жабдықтау департаменті аумағында «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупі және пайда болуы кезіндегі іс-қимылдарға дайындау» тақырыбында тактикалық-арнайы оқу-жаттығу өтті.

Шараның басты мақсаты – төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың салдарын жою іс-қимылдарын жетілдіру, сондай-ақ жойқын жер сілкінісі кезінде күштер мен құралдардың дайындық деңгейін арттыру болды.

Оқу-жаттығуға Қоғам қызметкерлерімен бірге Мұнайлы ауданының төтенше жағдай бөлімшесінің өрт сөндіру жеке құрамы, «Мұнайтелеком» ЖШС, «КМГ Секьюрити» ЖШС, «Нейронмед» ЖШС мамандары қатысты.

Жаттығу барысында жойқын жер сілкінісінің туындауы кезіндегі іс-қимылдар, эвакуациялау тәртібі, зардап шеккендерге көмек көрсету шаралары,

байланыс жүйесінің дайындығы, материалдық-техникалық және медициналық резервтердің жеткіліктілігі тексерілді. Сонымен қатар, орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл үйлесімділігіне баға берілді.

Айта кетейік, жер сілкінісі – жер қыртысында кенеттен орын ауысу нәтижесінде туындайтын табиғи құбылыс. Қазақстан сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқандықтан, мұндай оқу-жаттығулардың барлық өңірлерде өткізілуі – халықтың қауіпсіздігі мен төтенше жағдайлардың салдарын азайтуда аса маңызды қадам.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЖЕТІБАЙДА КЕЗЕКТІ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ



Жаттығу барысында құлақтандыру және байланыс жүйесінің дайындығы, кезекші қызметтердің жедел іс-қимылдары, мониторинг жүргізу жұмыстары, материалдық-техникалық, азық-түлік және медициналық резервтердің қорларын құру деңгейі тексерілді. Сондай-ақ көлік магистральдары мен тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының жұмыс істеуін қалпына келтіру шаралары да бағаланды.

Авариялық-құтқару командалары мен құралымдарының саны мен құрамы, олардың іс-қимылға

дайындығы, энергиямен жабдықтаудың резервтік көздерінің жеткіліктілігіне назар аударылды. Сонымен қатар орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл үйлесімділігін жетілдіру, дүлей зілзалалар аймағында жоғалған адамдарды іздеу, эвакуациялау шараларын ұйымдастыру сапасы да сыннан өтті.

Бұл оқу-жаттығу төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жоюдағы дайындықты күшейтіп, азаматтық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталды.

2025 жылғы 21 тамыз күні Жетібай кен орнында «Табиғи және техногендік төтенше жағдайлар туындаған кезде басқару органдарының, азаматтық қорғау күштерінің және халықтың іс-әрекеттері» тақырыбында командалық-штабтық оқу-жаттығу өтті.

Іс-шараға Маңғыстау облысының ТЖД қызметкерлері, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өкілдері, сондай-ақ «Семсер-Өрт сөндіруші», «Мұнайтелеком», «МЭМ», «ОТК», «OSC», «OCC», «Neiron Med» ЖШС мердігер компанияларының командалары қатысты. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ тарапынан жеке құрам мен арнайы техникалар жұмылдырылды.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА – МҰНАЙШЫЛАРДАН ДЕМЕУ



Білім күніне орай «Мектепке жол» акциясы дәстүрлі түрде жалғасын тапты.

Шара «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің қолдауымен құрылған «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының қаржыландыруымен және мекеме жанындағы «Аманат» бастауыш партия ұйымының демеуімен ұйымдастырылды.

Ігі іс аясында Маңғыстау және Қарақия аудандарындағы жиырма отбасының балаларына барлық қажетті оқу құралдары салынған сөмкелер мен әрқайсысына жетпіс мың теңгенің сертификаты табыс етілді. Бұл сертификат арқылы бүлдіршіндер Ақтау қаласындағы дүкендерден мектепке қажетті киім-кешектерін ала алады.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін бұл шара – өндіріс ошақтары орналасқан аудандардың балаларына жасалған әлеуметтік қолдау, болашаққа бағытталған қамқорлық.

Биыл әр цех мұнайшыларынан 1,5 млн теңге көлемінде қаржы жиналып, ауылдағы аз қамтылған және ерекше күтімді қажет ететін отбасылардан шыққан 24 баланы мектеп киімімен, оқу құралдарымен және қысқы киіммен қамтамасыз етті.

Балалардың қуанышы – бәрімізге ортақ шаттық!



МҰНАЙШЫҒА МАДАҚ, ЕҢБЕККЕ ТАҒЗЫМ

Мұнайшылармен қатар мұнай-газ өндіру саласында еңбек етіп жүрген сан түрлі мамандықтардың иелері қыркүйектің бірінші жексенбісінде Мұнайшы күніне құттықтаулар қабылдады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылар күні 2-3-ші қыркүйек күндері Қаламқас кенорнында, 4-ші қыркүйекте Жетібай кенорнында атап өткен болатын. Кенорындарында өткен мерекелік шараларға "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшыларымен қатар, аудан әкімдері, "ҚазМұнайГаз"ҰК" АҚ, сервистік және мердігер компаниялардың басшылары қатысты.

5-ші қыркүйек күні, Қазақстан Республикасы Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне арналған салтанатты шаралар Ақтау қаласындағы компанияның бас кеңсесінде өткізілді.

Іс-шаралар мерекеге арналған салтанатты жиынмен басталды. Ардақты ардагер-мұнайшылар, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы, компания департаменттері шақырылған бұл жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының міндетін атқарушы Чжань Ицюнь, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентановтар әріптестерді төл мерекелерімен құттықтап, еңбек озаттарына саланың дамуына қосқан адал еңбектері үшін медальдер, Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табыстады.

Жиында мұнайшы-геолог, Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы. ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы. «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамын көп жылдар басқарған Сағын Ерқасұлы Қырымқұлов компанияның ардагерлері атынан сөз сөйледі. Жиынға қатысушыларды мұнайшылар мерекесімен құттықтаған Сағын Ерқасұлы, мұнай кәсібінің еліміз үшін алар орнының маңыздылығы, мұнайшылардың жауапкершілігі туралы сөйлеп, бүгінде аянбай қызмет етіп ел экономикасына қомақты үлесін қосып отырған компания қызметкерлеріне ағалық тілектерін айтып, ақ батасын берді.

Салтанатты жиын концертпен жалғасты. Сахнада өнер көрсеткен әріптестеріміз Нұржан Дүйсенбаев пен Қайрат Қарабалаевтың шырқаған әндері жиналғандардың көңілдерін көтеріп, бір сергітіп тастады.

Ал сахнаға Қазақстан эстрадасының жұлдыздары - «Алатау серілері» тобы шығып өнерлерін көрсеткенде, көрермендер танымал өнерпаздардың әндеріне ду қол шапалақтап, дән риза болды, өнерпаздарды қолпаштап, қошеметке бөледі.

Мерекеде қызметкерлер үшін «Асық ату», «Бес асық» ұлттық ойындарынан турнирлер ұйымдастырылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды.





ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ...

Абай - қазақтың кең сахарасына үн қосқан, ұлы жырдың алтын қазығы. Өлең мен өмірдің өрнегін бір арнаға тоғыстырған данышпанның туғанына биыл 180 жыл толып отыр. Осыған орай компаниямызда «Абай оқулары» байқауы өтті.

Қазақтың ұлы ойшылы, ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай оқулары» байқауының мақсаты – ұлы ақынның шығармаларын насихаттай отырып, ұжым арасындағы ынтымақтастықты нығайту, рухани құндылықтарды дәріптеу және поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру болды.

Әлеуметтік саясат департаменті ұйымдастырған «Абай оқулары» байқауы өткізілетіні туралы 6-шы тамыз күні әлеуметтік желілер арқылы хабарланған болатын. Байқау ережесіне сәйкес қатысушылардың Абай өлеңдерін оқыған бейнежазбалары @mangistaumunagaz_jsc Instagram парақшасында жарияланды. Дауыс беру құқығына ие болу үшін, дауыс берушілер Instagram парақшасына

жазылып, өздеріне ұнаған қатысушыларға дауыстарын берді. Байқау жеңімпаздары Instagram желісінде әр қатысушыға қойылған лайк саны бойынша анықталды.

22 тамыз күні «Абай оқулары» байқауы қорытындыланып, жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сертификаттар табысталды. Байқауда бірінші орынды «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ПЖПЖЦ слесарь жөндеушісі Табынбай Олжас жеңіп алды, екінші орынды «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының №3 МГӨК инженері Қарасаев Артур, ал үшінші орынды «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының МКЖӨҚКЦ слесарь жөндеушісі Бақтөреев Жанаман иеленді. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының азаматтық қорғаныс



инженері Түзелов Райымбекке, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының ҚҚҰЦ инженері Байталасов Медетке және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ҚЖЕҚ өрт қауіпсіздігі инженері Шағатов Нұртасқа арнайы жүлделер табысталды.

«Абай оқулары» – тек байқау ғана емес, рухани мектеп. Осы байқауға белсенді қатысқан әріптестерімізге алғысымызды айта отырып, алған жүлделерімен құттықтаймыз. Өнерлеріңіз үстем болып, тек биіктерден көріне беріңіздер!

«ҚАЛАМҚАС КЕШТЕРІНЕ» – 10 ЖЫЛ

22 тамыз 2025 жылы «Қаламқас кештері» мәдени жобасының 10 жылдық мерейтойына орай Қаламқас кен орнында айтулы шара өтті. Кештің арнайы қонағы – ҚР мәдениет саласының үздігі, Халықаралық «Алтын қалам» байқауының жүлдегері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын-жазушы Ереккен Қорабаев болды.

Әдеби басқосуда кен орын қызметкерлері қонаққа шығармашылық, әдебиет пен қоғам, өмірлік тәжірибе туралы сұрақтарын қойып, мазмұнды жауаптар алды. Сонымен қатар, кен орнында еңбек ететін өнерпаздар ән шырыңдап, жыр-терме орындап, өлең оқып, рухани кештің сәнін келтірді.

Іс-шара соңында ақынның кітаптары көпшілікке тегін таратылып, автор қатысушыларға өз қолынан естелік автограф қалдырды. Сондай-ақ, кен орнында еңбек етіп жүрген жас мамандардың кешкі демалысын тиімді пайдалану мақсатында караоке аппараты мен гитара табысталды.



ЗЕРДЕЛІ ЖАС – ЕЛ ЕРТЕҢІ

4-қыркүйек күні Қаламқас кен орнында «Қаламқас QUIZ» зияткерлік ойынының «Үздіктер додасы» өтті.



Алдын ала іріктеу кезеңінен өткен 6 команда ақтық сынға жолдама алып, білім сайысында бақ сынады.

Жарысқа Өндірістік басқарманың бірінші басшысының орынбасары Сағыныш Оразбаев пен Қаламқас қ/о ҚЖЕҚБ басшысы Ерлан Турашев арнайы қатысып, мұнайшыларға сәттілік тіледі.

Қорытынды бойынша 3 команда жеңімпаз атанып, кәсіподақ ұйымының қолдауымен ақшалай сыйлықтармен

марапатталды. Сонымен қатар әр командадан белсенділік танытқан 6 ойыншыға марапат қағаздары мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Сайыс жоғары деңгейде ұйымдас-тырылып, жас мамандардың бастамасы мен ынтықсының арқасында қызықты әрі тартымды өтті.

- 1-орын - "Бұрыншық"
- 2-орын - "Газдалған ЦИТС"
- 3-орын - "ОйОйшылдары"

СЕНБІЛІК – ИГІ ДӘСТҮР

23-ші тамызда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Каспий теңізінің жағалауында өткізілген жалпықалалық сенбілікке қатысты.

Жұмыс құралдарымен қаруланған мұнайшыларымыз Ақтаудан 35 шақырымдай жерде орналасқан қоғамдық жағажайдың аумағын қоқыс пен тұрмыстық қалдықтардан тазартты. Жалпы алғанда, қала кәсіпорындары жұмысшыларының бірлескен күшімен сенбілік барысында екі тоннадан астам қоқыс жиналып, шығарылды.

– Бұл жағажайға қала тұрғындары да, облысымыздың қонақтары да жиі келеді, бірақ, өкінішке орай, олардың барлығы бірдей демалғаннан кейін орындарын тазартып кетуге көңіл бөлмейді, – дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және ком-

муникациялар бөлімінің бастығы Расул Садақбаев. – Маңғыстау – біздің туған жеріміз, киелі ортақ мекеніміз ғой, біз оған қамқорлық жасауымыз керек. Тазалықты сақтау тазартудан әлдеқайда оңай екенін демалушылар түсінсе екен деймін. Барша қала тұрғындары мен қонақтарды табиғатымызға құрметпен қарап, қоқыс тастамауға шақырамын.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары үшін осындай сенбіліктер әріптестерді біріктіретін, игі де пайдалы істі атқаруға тамаша себеп болатын жақсы дәстүрге айналғаны қуантады. Осындай игі істеріміз көп болсын, ағайын!



ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК - ОТБАСЫДАН БАСТАЛАДЫ

Маңдай термен еңбек етіп жүрген әр жұмысшының артында әрдайым бір үйдің үміті, бір әулеттің аманатын арқалаған азамат тұрады. Ол тек кәсіптің ғана емес, отбасының да тірегі. Сондықтан да оның қауіпсіздігі - бүкіл шаңырақтың амандығы. Осы ұстанымды берік ұстанған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы өндірістік қауіпсіздікке отбасылық құндылықтар деңгейінде қарауды қолға алды.

2024-2027 жылдарға арналған стратегиялық Жол картасы аясында, компания өндірістегі қауіпсіздікке үлес қосқан қызметкерлердің ата-аналарын арнайы алғыс білдіру бастамасын енгізді. Бұл - еліміздегі өндірістік мәдениетті жаңа деңгейге көтеруге бағытталған қадам. Осы бастама негізінде «Oil Services Company» ЖШС-де еңбек қауіпсіздігіне ерекше мән беріп жүрген мамандардың ата-аналары арнайы шақырылып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Жылы жүзді кездесу барысында компания өкілдері ата-аналармен ашық әңгіме өрбітіп, олардың бала тәрбиесіндегі еңбектеріне алғыстарын білдірді. «Осындай тәрбиелі, еңбекқор азаматтарды өсіріп, ел игілігіне қызмет етуге бағыттаған сіздерге мың алғыс! Алдағы уақытта бұл дәстүр жалғасын табады», - деді компания атынан сөз алған Бас директордың персоналды басқару,

еңбекақы және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары м.а. М. Кадралин.

Мұндай кездесулердің басты мақсаты - жұмысшының отбасы мен еңбек орнының арасындағы байланысты нығайту. Себебі қауіпсіздік - тек нұсқаулықтар мен ережелер ғана емес, ол - ішкі мәдениет, сана мен жауапкершіліктен туатын түсінік. Ал ол қасиеттер ең алдымен үйден, ата-ананың тәлімінен бастау алады. Құрмет көрсетілген ата-аналар да өз ризашылықтарын білдіріп, балаларының еңбегін бағалап, ата-анаға құрмет көрсетіп жатқан компания басшылығына шын жүректен алғыс айтты.

- Ұлымның жұмысын мақтан тұтамын. Қауіпсіздікке аса мән беретінін білемін. Бізге осылай алғыс білдіріп, шақырып, құрмет көрсетіп жатқандары жүректі жылытады. Мұндай қамқорлық - тек жұмысшыға ғана емес, бүкіл



отбасыға деген ізет, - деді марапат иелерінің бірі С. Саталиева.

Компания ұсынған алғыс хатта айтылғандай: «Еңбек қауіпсіздігі - бұл тек жұмыс орнының ғана емес, әр отбасының амандығының кепілі. Сіздердің бала тәрбиесіндегі еңбектеріңіз өнегеге толы. Ұл-қыздарыңыздың еңбек жолы табысты, өмірлері шаттық пен сәттілікке толы болсын!»

Бүгінгі заманда тек табыс емес, тәрбие мен жауапкершілік қатар бағалануы - қоғамның ілгері дамуының бір көрінісі. Ал отбасынан басталған тәрбие қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

Д. Нокеров
Oil Services Company» ЖШС

КАТАРАКТА

Катаракта – көздің ең қауіпті ауруларының бірі. Бұл көз жітілігін төмендетіп қоймай, ақырында толық соқырлыққа әкелуі мүмкін.



Сонымен қатар егде жастағы адамдардағы соқырлыққа осы катаракта әкеледі. Жас ұлғайған сайын көз көруі нашарлайды.

Катаракта – көз бұршағының жартылай немесе толық бұлыңғырлануы. Көру қабілетінен толық айырылуға алып келуі мүмкін.

СЕБЕПТЕРІ - Көз бұршағының бұлыңғырлануына зат алмасу бұзылыстарының нәтижесіндегі жасқа байланысты өзгерістер және басқа да көз аурулары әкеледі.

Катаракта дамуының басқа да себептеріне мыналар жатады:

- генетикалық бейімділік;
- көз жарақаты;
- жүктілік кезінде анасының желшешек, герпес, қызылша қызамығы сияқты жұқпалармен ауруы;
- науқас бала ата-аналарының резус-қайшылығы;
- қант диабеті;
- авитаминоз;
- созылмалы қаназдық;
- көз, тері аурулары;
- Даун синдромы;
- улы өсімдіктер, химиялық заттар және дәрілік заттармен улану;
- анасының жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары, осыған байланысты ұрық қажетті оттегін ала алмайды, токсикоздар мен дәрумендердің жеткіліксіз мөлшері.

КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

- Катарактаның негізгі белгісі көз алдының бұлыңғырлануы (пелена) болуы. Бұл симптом көз бұршағының бұлыңғырлануын тікелей растайды. Ол көру қабілетінің төмендеуімен қатар жүреді.

Сонымен қатар катарактаның симптомдарына мыналар жатады:

- түрлі түстерді қабылдаудың нашарлауы;
- жарық көзі айналасында шеңберлердің пайда болуы;
- күн сәулесі немесе жарық сәулеге сезімталдық;
- түнгі уақытта көрудің нашарлауы;
- кітап оқу кезінде жарық бөлмелерге жоғары қажеттілік;
- қарашық түсінің өзгеруі (қарашық ағарыңқы, сары немесе сұр түсті болуы);
- жүйкесінің орнықсыздығы және жылтылдаулар бірігуінің критикалық жиілігі жатады.

ЕМІ - Катарактаның емі алғашқы сезілген кезде көз тамшыларымен емдейді, егер оған көнбей жатырса ота жасау керек болады.

Көзбұршағының бұлыңғырлануы қайтымсыз үрдіс болғандықтан, көру қабілетін қалпына келтіру үшін хирургиялық ем көмектесуі мүмкін.

АЛДЫН АЛУЫ

- Офтальмологқа үнемі қаралу;
- Көзге ультракүлгіннің әсер мөлшерін азайту мақсатында күннен қорғайтын көзілдірік пайдалану;
- А, С дәрумендері мен каротинодтарға бай азық-түлік өнімдерін қолдану;
- Қанда қант деңгейін бақылау;
- Көзді уқалау сияқты қауіпті әдеттен арылу және көзге инфекция түсу қаупін азайту үшін қолды үнемі жуу.
- Темекі шегу, ішімдік ішу сияқты зиянды әдеттерден арылу

Гуляра Ордыбаева
«Нейронмед» ЖШС филиалының
көз дәрігері

АДАЛ ЕҢБЕК АДАМДЫ ЕР АТАНДЫРАР



Өз қызметін жетік меңгеріп, «Ерінбегеннің еңбегі жанатынын, аянбай істегеннің алғыс алатынын» жадына қатаң сақтаған Тұманбай Сергей «Маңғыстауэнергомұнай» ұжымының механик лауазымына 2007 жылы келген болатын. Серіктестіктің өндірістік міндеттемелерін атқаруда 45 автокөлік пен 45 арнайы техниканы жұмылдырып, ұйымдастыра білген Сергейде жауапкершілік пен талапшылдық еңбек адамының қағидасы болу керек деген түйін басты назарда болатын. Ұжымның механикаландыру және көлік қызметінің кезек күттірмейтін кезеңдерінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау мен еңбек адамының амандығы С.Тұманбайдың күнделікті қызметтегі бұлжымас заңы болатын. Табиғаты қатал Қаламқас және Жетібай кенорындарының күздің ми балшығы мен қыстың қалың қарла-

рында жүргізушілердің ыждағатты еңбегі мен амандығын жалау еткен Сергей жауапкершілігі мол осы қызметті үзбестен 10 жыл атқарды. Серіктестіктегі 2018 жылғы оптимизациялау жүргенмен, әкімшілік С.Тұманбайды көлікті ұйымдастыру саласының майталман маманы, шебер ұйымдастырушы ретінде бағалап, оны Орталықтанған өндірістік энергетикалық қызметтің көлік жөніндегі жетекші инженеріне ауыстырды. Заманауи технологиялық дамудың түрлі жаңалықтарымен техникалық жаңаланған қызметтерді де С.Тұманбай абыроймен атқарып, «МЭМ» ЖШС өндірістік міндеттерді орындап, қазыналы түбектің «қара алтынын»

өндіру жолындағы еңбектің табысы мен берекетін арттыруда. С.Тұманбайдың бірнеше жылғы еңбегі бағаланып, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласының Алғыстарымен, Құрмет Грамоталарымен, ҚР Энергетика Министрінің «Қазақ мұнайының 125 жылдығы» мерейлі медалдарымен марапатталды. Жастайынан өз қызметіне деген алғырлығы мен жауапкершілігі сезілген Сергейдің биыл тойланатын ұжымның 30 жылдық мерекесі қарсаңындағы атқарар жұмыс легі жетерлік. Алдағы уақытта да әріптесіміз Сәкеңе және әулетіне амандық, ырыс-береке, жақсылықтар тілейміз.

«МЭМ» ЖШС
Орталықтанған өндірістік
энергетикалық қызметі

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

МЕРЕКЕДЕГІ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР ҚОРТЫНДЫСЫ

Мұнайшылар күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша ауқымды спорттық жарыстар өтті. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ (ҚМГ), «Жетібаймұнайгаз» ӨБ (ЖМГ) және Бас кеңсе ұжымдары түрлі спорт түрлерінен сынға түсіп, мереке ерекше серпінмен аталып өтті.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ (ҚМГ)

1 вахта:

▪ Шағын футбол:

1 орын – ГӨДЖТЦ;

2 орын – МГӨЦ-4;

3 орын – МГӨЦ-2.

Үздік шабуылшы – Бурашев Нұржан, үздік қорғаушы – Темірхан Нұрдәулет, үздік қақпашы – Наужанов Саламат.

▪ Волейбол:

1 орын – ҚҚҰЦ;

2 орын – МГӨЦ-4;

3 орын – ҚМДЖТЦ.

Үздік ойыншы – Алисеев Жамбыл, үздік либеро – Бекеев Еркебұлан, үздік байланыстырушы – Надиров Әлімжан.

2 вахта:

▪ Шағын футбол:

1 орын – Ардагер;

2 орын – МГӨЦ-4;

3 орын – МДӨЦ.

Үздік шабуылшы – Бақтыгелдаев Сайран, үздік қорғаушы – Артықбаев Бауыржан, үздік қақпашы – Іңірбаев Жалғас.

▪ Волейбол:

1 орын – МГӨЦ-2;

2 орын – Ардагер;

3 орын – МГӨЦ-4.

Үздік ойыншы – Есіркепов Қуан, үздік либеро – Нұртілеуов Сахи, үздік байланыстырушы – Акмерген Азербай.

▪ Үстел теннисі:

1 орын – Қ. Назаров (МДӨЦ);

2 орын – Б. Шаукеров (ГӨДЖТЦ);

3 орын – Х. Боранбаев (Бас кеңсе).

▪ Арқан тарту

1 орын – МЭМ ЖШС

2 орын – БТҚ ЖШС

3 орын – МГӨЦ-2

▪ Қазақша күрес

1 орын – Сәрсенғалиев Әлібек

2 орын – Қалмұханов Ғайса

3 орын – Қартбаев Жолдас

▪ Қол күрес

1 орын – Шолпанов Ыбырай (ОСК ЖШС)

2 орын – Бекназаров Нұрлан (Дунай ЖШС)

3 орын – Кулекешов Мейрамбек

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ (ЖМГ)

▪ Шағын футбол:

1 орын – ҚҚҰЦ;

2 орын – МГӨЦ-3;

3 орын – МГӨЦ-1.

Үздік шабуылшы – А.Чалабаев, үздік қорғаушы – Н.Қоңырбаев, үздік қақпашы – А.Бекмұрза.

▪ Волейбол:

1 орын – МГӨЦ-1;

2 орын – МГӨЦ-3;

3 орын – МГӨЦ-2.

Үздік ойыншы – К.Оңғалиев, үздік либеро – К.Мантаков, үздік байланыстырушы – А.Аралбаев.

▪ Қол күрес:

1 орын – Шолпанов Ыбырай (ОСК);

2 орын – Сәрсенғалиев Әлібек;

3 орын – Сарыбай Исатай.

▪ Қазақша күрес:

1 орын – Қалмұханов Ғайса,

2 орын – Қартбаев Жолдас,

3 орын – Сәрсенғалиев Әлібек.

▪ Арқан тарту:

1 орын – ОСК ЖШС,

2 орын – ЖМГ ӨБ,

3 орын – БТҚ ЖШС.

▪ Садақ ату:

1 орын – Себепов Мендіғали (ПЖПЖЦ),

2 орын – Жансүгір Абылай (Кәсіподақ),

3 орын – Джанышов Асан (ГДТЖГШПЦ)

Ақтау бойынша (Бас кеңсе)

▪ Шағын футбол:

1 орын – Басшылық,

2 орын – ЭҚД,

3 орын – КҚД.

Үздік шабуылшы – Пірмағанбетов Нұрбол (басшылық), үздік қорғаушы – Ақтамбаев Тілепберген (КҚД), үздік қақпашы – Нұров Есенқұл (КҚД).

▪ Волейбол:

1 орын – Профком / ЭСД;

2 орын – Өндірістік блок;

3 орын – КҚД.

Үздік ойыншы – Кентанов Мәди, үздік либеро – Сәрсекешқызы Алия, үздік байланыстырушы – Тұмаев Мерей.

▪ Үстел теннисі:

Жылдамдық пен дәлдікті қажет ететін жарыста:

1 орын – Тилегенов С. (ҚМГ ӨБ)

2 орын – Бекмұханов А. (ҚМГ ӨБ)

3 орын – Алманов Ж. (ЖМГ ӨБ)

▪ Бильярд:

1 орын – Қайрат Ходжаев,

2 орын – Алмат Сарбаев,

3 орын – Е. Құжаев.

▪ Бестас:

1 орын – Дәуіт Гүлзада (БЖЖЭТД)

2 орын – Берсугурова Ботакөз (ЭҚД)

3 орын – Утесінова Меруерт (МТЖД)

▪ Асық ату:

1 орын – ҚД Таласбаев Толыбай, Еселов Ержан.

2 орын – ЭСД / ҚЖЕКҚОҚД Тумаев Мерей, Қазтұрғанов Алтынбек)

3 орын – МжМӨД/САД Ахметкалиев Альжан, Қызылғұлов Владимир.

▪ Садақ ату:

1 орын – Сарбаев Алмат,

2 орын – Сақтағанова Мендіжамал,

3 орын – Әділбаев Ақылбек.

▪ Шағын футболдан басшылық турнирде:

1 орын – ҚМГ,

2 орын – ЖМГ,

3 орын – ОСК ЖШС

Үздік шабуылшы – Төретаев Асхат (ОСК), үздік қорғаушы – Дәурен Темір (ҚМГ), үздік қақпашы – Мереке Асаев (ЖМГ)

Жарыста мұнайшылар ұйымшылдық пен табандылық танытып, спортқа деген қызығушылықтарын паш етті. Мұнайшылар күніне орай өткен бұл спорттық бәсекелер ұжымдық рухты көтеріп, әріптестер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта түсті.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютері-
рінде теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
«Дука» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500